

Жыл сайынғы «ҚМУ» КеАҚ
«Үздік ғылыми қызметкері»
байқауын ұйымдастыру және
өткізу туралы ереже



ҚМУ КеАҚ КП 6/3
1 нұсқа

БЕКІТІЛДІ
«ҚМУ» КеАҚ Сенатының
шешімімен
« 21 » 12 2023ж
№7 хаттама
«ҚМУ» КеАҚ Сенатының Төрағасы

Б.К.Омаркулов

**ЖЫЛ САЙЫНҒЫ «ҚМУ» КЕАҚ ҮЗДІК ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРІ»
БАЙҚАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Құрастырған(дар): Д.Ж.Тайжанова Қолы: А.О. Омарова Қолы: Б.К. Қойчубеков Қолы: Күні: 14.12.2023	Тексерген(дер): Е.М. Тургунов Қолы: М.А.Ерназарова Қолы: Күні: 17.12.2023	Келісілген: О.В.Карев Қолы: Күні: 17.12.2023
--	--	---



1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже ғылым қызметкерлері күніне орайластырылған жыл сайынғы «Қарағанды медицина университетінің үздік ғылыми қызметкері» байқауын ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Ереже Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

3. Ғылымның дамуына үлес қосқан «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ (бұдан әрі – «ҚМУ» КеАҚ) ғалымдарын көтермелеу, сондай-ақ жас ғалымдарды ынталандыру мақсатында байқау шеңберінде 2 (екі) сыйлықақы тағайындалады:

1) 1 (бір) «Үздік ғалым» номинациясы бойынша сыйлықақы – іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылыми кадрларды даярлауға белсенді қатысатын, «ҚМУ» КеАҚ штаттық қызметкері болып табылатын және ғылыми жетістіктерді бағалау көрсеткіштеріне сәйкес ең көп ұпай жинаған ғалымға тағайындалады (қосымша 1).

2) 1 (бір) «Үздік жас ғалым» номинациясы бойынша сыйлықақы – іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылыми кадрлар даярлауға белсенді қатысатын, «ҚМУ» КеАҚ штаттық қызметкері болып табылатын және ғылыми жетістіктерді бағалау көрсеткіштеріне сәйкес ең көп ұпай жинаған 40 (қырық) жасқа (қоса алғанда) дейінгі жас ғалымға тағайындалады.

4. Сыйлықақы алуға үміткер тек 1 (бір) номинацияға ұсыныла алады.

2. Сыйлықақы беру тәртібі

5. Ғылыми жұмыс бөлімі байқау өткізу туралы хабарландыруды «ҚМУ» КеАҚ ресми ғаламтор-ресурсында орналастырады.

6. Үміткерлер байқауға қатысу үшін корпоративтік пошта арқылы мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1) Сыйлықақы беру байқауына қатысу үшін үлгі бойынша өтінім (Ф НАО МУК 6/3-01/01 үлгіге сәйкес);

2) Сыйлықақы беру байқауына қатысушы үміткердің бағалау көрсеткіштеріне сәйкес ғылыми жетістіктері жайлы мәліметтер;

3) Әр критерийге сәйкес ғылыми жетістіктер жайлы мәліметтерде растайтын материалдар мен құжаттар;

4) «ҚМУ» КеАҚ адам ресурстарын басқару департаментінен жұмыс орнынан анықтама;

5) Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі.

Құжат: ҚМУ КеАҚ КП 6/3 Жыл сайынғы «ҚМУ» КеАҚ «Үздік ғылыми қызметкері» байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы ереже/ 9 беттің 2 -ы

Өзірлеу күні: 14.12.2023

Құрастырғандар: Тайжанова Д.Ж., Омарова А.О., Койчубеков Б.К.



7. Байқауға қатысу үшін құжаттар байқау туралы хабарландыруда көрсетілген Ғылыми жұмыс бөлімі қызметкерінің корпоративтік поштасына байқау туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде қабылданады.

8. Байқау материалдарын қарау және сыйлықақы беру мәселесі бойынша шешім шығару мақсатында Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітілетін «ҚМУ» КеАҚ Сенатының Ғылыми Комитеті мүшелерінің арасынан Комиссия құрылады. Комиссия кемінде 3 (үш) адамнан тұрады. Ғылыми Комитет мүшелерінің байқауға қатысушы үміткерлерге қатыстылығы болмаған жағдайда, Комиссия құрамына Ғылыми Комитеттің барлық мүшелері енгізіледі.

9. Комитет мүшелері байқау жеңімпазын іріктеу жөніндегі Комиссияның жұмысына қатыспайды:

- 1) байқауға қатысу жайлы өтінім берген жағдайда;
- 2) үміткермен бірлескен жарияланымдар болған жағдайда;
- 3) байқауға қатысушы үміткерге тікелей жетекшілігінде немесе оның қарамағында болған жағдайда;
- 4) үміткермен некеде (ерлі-зайыптылықта) немесе жақын туыстық қарым-қатынаста болған жағдайда;
- 5) комиссия мүшесі үміткердің диссертациялық жұмысының ғылыми жетекшісі болған немесе қазіргі уақытта болып табылатын жағдайда.

10. Әрбір сыйлықақы алуға үміткер Қосымша 1-дегі критерийлерге сәйкес ғылыми жетістіктерді бағалау көрсеткіштері бойынша бағаланады.

11. Байқау материалдарын қарастыру 2 (екі) кезеңде жүргізіледі:

1 кезең – Ғылыми жұмыс бөлімі әрбір үміткердің байқауға ұсынған растаушы материалдары мен құжаттарын бағалайды және ұпайларды үміткердің ғылыми жетістіктерін бағалау көрсеткіштеріне сәйкес есептейді.

Ғылыми жетістіктер туралы ұсынылған мәліметтер және растайтын материалдар мен құжаттар арасында сәйкессіздік болған жағдайда бұл көрсеткіш бағалау процедурасынан шығады.

Нәтижелер үміткерлердің ғылыми жетістіктерін бағалау көрсеткіштерінің ұпайлары бойынша сараланған тізімдер түрінде ресімделеді.

12. Үміткер ғылыми жетістіктер туралы мәліметтерде 3 (үш) және одан да көп анық емес ақпаратты ұсынған кезде Ғылыми жұмыс бөлімі Комиссияға үміткерді тізімінен шығару туралы ұсыныс береді.

13. Комиссия үміткерлердің ғылыми жетістіктерін бағалау көрсеткіштерінің ұпайлары бойынша сараланған тізім негізінде әр номинация бойынша ең көп ұпай жинаған 5 (бес) үміткердің растайтын материалдары мен құжаттарын жеке қарайды. Сыйлықақы ғылыми жетістіктерді бағалау



көрсеткіштеріне сәйкес ең көп ұпай жинаған үміткерге тағайындалады. 1 (бір) номинация шеңберінде 2 (екі) немесе одан да көп үміткердің ұпайлары тең болған кезде «ҚМУ» КеАҚ-да ең ұзақ жұмыс өтілі бар үміткерге артықшылық беріледі.

14. Комиссияның жүлдені беру жайлы шешімі көпшілік дауыспен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған кезде Комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

15. Ғылыми жұмыс бөлімі Комиссия отырысының хаттамасынан үзіндінің негізінде оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде номинациялар бойынша жеңімпаздарға сыйлықақы тағайындау туралы ұйым басшысының атына баяндама хат береді.

16. Комиссия шешімдерінің апелляциясы Ғылыми жұмыс бөлімі растаушы материалдар мен құжаттарды тексеру нәтижелері туралы үміткердің корпоративтік поштасына жауап жібергенінен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Ғылыми жұмыс бөлімі арқылы апелляциялық комиссияға жазбаша өтініш жасау жолымен жүзеге асырылады.

17. Апелляция кезеңінде ғылыми жетістіктерге және растаушы материалдар мен құжаттар туралы мәліметтерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

18. Апелляциялық комиссия Ғылыми Комитет комиссиясымен бір мезгілде құрылады. Ғылыми Комитеттің мүшелері апелляциялық комиссияның құрамына кірмейді. Қажет болған жағдайда апелляциялық комиссия байқауға қатысушыны отырысқа шақыруы мүмкін.

19. Өтінішті қарау нәтижелері бойынша Комиссия 5 (бес) жұмыс күні ішінде үміткердің корпоративтік поштасына дәлелді жауап жібереді.

20. Сыйлықақы беру туралы бұйрықты Басқарма Төрағасы-Ректор бекітеді және «ҚМУ» КеАҚ ресми ғаламтор-ресурсында орналастырылады.

21. Сыйлықақы бір адамға келесі 5 (бес) жыл ішінде 1 (бір) реттен артық тағайындалмайды.

22. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім Министрлігінің «Үздік ғылыми қызметкер» және «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауларының соңғы 5 (бес) жыл ішіндегі жеңімпаздары осы байқауға қатыса алмайды.


23. Байқау қорытындысы бойынша сыйлықақы иегеріне номинацияны көрсете отырып «Жыл сайынғы «Қарағанды медицина университетінің үздік ғылыми қызметкері» байқауының сыйлықақысын тағайындау туралы» Куәлік беріледі. «Үздік ғалым» номинациясы бойынша жеңімпазға 100 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) және «Үздік жас ғалым» номинациясы бойынша жеңімпазға 50 АЕК мөлшерінде сыйлықақы төленеді. Сыйлықақы мөлшері

Жыл сайынғы «ҚМУ» КеАҚ
«Үздік ғылыми қызметкері»
байқауын ұйымдастыру және
өткізу туралы ереже



ҚМУ КеАҚ КП 6/3
1 нұсқа

жыл сайын қайта қаралады және төмендеу немесе ұлғаю бағытында өзгеруі мүмкін.





«ҚМУ» КеАҚ «Үздік ғылыми қызметкері» байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы Ережеге
Қосымша 1

Ғылыми жетістіктерді бағалау көрсеткіштері

1. Көрсеткіштердің барлығы өткен күнтізбелік жылға сәйкес есепке алынады.
2. Барлық ұсынылған материалдар мен құжаттар бағаланады және таңдалған критерийлерге сәйкестігі тексеріледі, көрсеткіштер мен талаптарға сәйкес келмейтіндері алынып тасталады.
3. 7, 8, 9 және 10-шы көрсеткіштер бойынша өтініш беруші «ҚМУ» КеАҚ-мен аффилирленген жағдайдағы мақалалар, монографиялар, патенттер мен әдістемелік ұсынымдар есепке алынады.

№	Көрсеткіштер	Ұпай
1	Қазақстан Республикасында танылған дәреженің болуы (1 (БІР) тармақшаны таңдау)	
1.1	Ғылым докторы (диплом көшірмесін ұсыну)	5
1.2	Ғылым кандидаты немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор (диплом көшірмесін ұсыну)	3
2	Уәкілетті орган берген ғылыми атақтың болуы (1 (БІР) тармақшаны таңдау)	
2.1	Профессор (диплом көшірмесін ұсыну)	5
2.2	Қауымдастырылған профессор немесе доцент (диплом көшірмесін ұсыну)	2
3	Білім алушылардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік ету (есепті кезеңде 2-ден (ЕКІ) артық емес)	
3.1	Үміткердің жетекшілігімен халықаралық / республикалық деңгейдегі байқаудың жеңімпазының-білім алушының ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау (ғылыми жетекшінің аты-жөні көрсетілген білім алушы дипломының немесе грамотасының көшірмесін / білім алушы дипломының немесе грамотасының көшірмесін және байқауды ұйымдастырушылардан ғылыми жетекшінің атына берілген алғыс хат көшірмесін ұсыну)	20 / 15
3.2	Үміткердің жетекшілігімен білім алушының Scopus және (немесе) Web of Science дерекқорына кіретін халықаралық журналға мақала шығаруы (білім алушының және ғылыми жетекшінің аты-жөні көрсетілген мақаланың көшірмесін ұсыну)	10

Құжат: ҚМУ КеАҚ КП 6/3 Жыл сайынғы «ҚМУ» КеАҚ «Үздік ғылыми қызметкері» байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы ереже/ 9 беттің 6 -ы
Өзірлеу күні: 14.12.2023
Құрастырғандар: Тайжанова Д.Ж., Омарова А.О., Койчубеков Б.К.



3.3	Үміткердің жетекшілігімен білім алушының есепті кезеңде конференцияларға қатысуы (білім алушының және ғылыми жетекшінің аты-жөнін көрсетілген бағдарламаны / жарияланған тезисті ұсыну)	5
4	Дәреже тағайындаған кадрларды даярлау (есепті кезеңде 2-ден (ЕКІ) артық емес)	
4.1	Философия докторын (PhD) немесе бейіні бойынша докторды (диссертациялық кеңес отырысының хаттамасынан үзінді және дипломның көшірмесін ұсыну)	20
4.2	Магистрді (мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасынан үзінді және дипломның көшірмесі ұсыну)	10
5	Ғылыми жобалар мен бағдарламаларға жетекшілік ету (есепті кезең үшін 6-тармақпен бірге барлығы 2-ден (ЕКІ) артық емес)	
5.1	Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру (БНҚ) бағдарламасының ғылыми жетекшісі / жауапты орындаушысы (қаржыландыру ұйымымен жасалған шарттың көшірмесін, уақытша ғылыми ұжым туралы бұйрықты немесе аралық / қорытынды есепті ұсыну)	15 / 7
5.2	Гранттық қаржыландыру жобасының ғылыми жетекшісі (қаржыландыру ұйымымен жасалған шарттың көшірмесін және уақытша ғылыми ұжым туралы бұйрықты ұсыну)	10
5.3	Ғылыми зерттеулер мен инновациялық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі жобаның ғылыми жетекшісі (қаржыландыру ұйымымен жасалған шарттың көшірмесін ұсыну)	10
5.4	Қаржыландырудың өзге түрі бойынша ғылыми жобаның ғылыми жетекшісі (қаржыландыру ұйымымен жасалған шарттың көшірмесін ұсыну)	6
6	Ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысу (есепті кезең үшін 5-тармақпен бірге барлығы 2-ден (ЕКІ) артық емес)	
6.1	БНҚ бағдарламасын немесе гранттық қаржыландыру жобасын немесе ғылыми зерттеулер мен инновациялық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жөніндегі жобаның орындаушысы (қаржыландыру ұйымымен жасалған шарттың көшірмесін, уақытша ғылыми ұжым туралы бұйрықты немесе аралық / қорытынды есепті ұсыну)	5
6.2	Қаржыландырудың өзге түрі бойынша ғылыми жобаның орындаушысы (қаржыландыру ұйымымен жасалған шарттың көшірмесін, уақытша ғылыми ұжым туралы бұйрықты немесе аралық / қорытынды есепті ұсыну)	3
7	Рецензияланған ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалар (есепті кезеңде 2-ден (ЕКІ) артық емес)	
7.1	<i>Web of Science және (немесе) Scopus дерекқорының деректері бойынша Q1 немесе Q2 квантиліне кіретін және (немесе) 50 (>50) астам процентилі бар журналдағы мақала (журналдың квантилін және (немесе) процентилін көрсете отырып Web of Science және (немесе) Scopus ресми сайтынан скриншотын, мақаланың көшірмесін ұсыну)</i>	
7.1.1	Жалғыз автор	25



7.1.2	Бірінші автор / корреспондент автор / жарияланған мақала аясындағы жобаның жетекшісі	20
7.1.3	Бірлескен автор	20/n
7.2	<i>Web of Science және (немесе) Scopus дерекқорына сәйкес Q3 немесе Q4 квартиліне енгізілген және (немесе) пайыздық көрсеткіші 50 (≤ 50) төмен журналдағы мақала (журналдың квартилін және (немесе) процентилін көрсете отырып Web of Science және (немесе) Scopus ресми сайтынан скриншотын, мақаланың көшірмесін ұсыну)</i>	
7.2.1	Жалғыз автор	15
7.2.2	Бірінші автор / корреспондент автор / жарияланған мақала аясындағы жобаның жетекшісі	10
7.2.3	Бірлескен автор	10/n
7.3	<i>Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдағы мақала (PDF мақаланың көшірмесін ұсыну)</i>	
7.3.1	Жалғыз автор	10
7.3.2	Бірінші автор / корреспондент автор / жарияланған мақала аясындағы жобаның жетекшісі	5
7.3.3	Бірлескен автор	5/n
8	Монография (есепті кезеңде 2-ден (ЕКІ) артық емес)	
8.1	Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer халықаралық баспаарында шығарылған немесе Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education, US News Best Global Universities Rankings бас рейтингінің Үздік-100-дігіне кіретін ЖЖОКБҰ баспасы шығарған монография (монографияны ұсыну)	40/n
8.2	Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer халықаралық баспаарында шығарылған немесе Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education, US News Best Global Universities Rankings бас рейтингінің Үздік-100-дігіне кіретін, ЖЖОКБҰ баспасы шығарған монографияның тарауы (монографияны ұсыну)	20/n
8.3	«С. Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК бекіткен монография (монографияны ұсыну)	30/n
8.4	«ҚМУ» КеАҚ Сенаты бекіткен монография (монографияны ұсыну)	20/n
9	Патент (есепті кезеңде 2-ден (ЕКІ) артық емес)	
9.1	Шетелдік немесе халықаралық патенттік ұйымдар берген патент (патент көшірмесін ұсыну)	40/n
9.2	Қазақстан Республикасының өнертабысқа немесе пайдалы модельге берілген патенті (патент көшірмесін ұсыну)	30/n
10	Әдістемелік (ғылыми) ұсынымдар (есепті кезеңде 2-ден (ЕКІ) артық емес)	

Құжат: ҚМУ КеАҚ ПП 6/3 Жыл сайынғы «ҚМУ» КеАҚ «Үздік ғылыми қызметкері» байқауын ұйымдастыру және өткізу туралы ереже/ 9 беттің 8 -ы

Өзірлеу күні: 14.12.2023

Құрастырғандар: Тайжанова Д.Ж., Омарова А.О., Койчубеков Б.К.



10.1	«С. Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК бекіткен (әдістемелік ұсынымды ұсыну)	10/n
10.2	«ҚМУ» КеАҚ Сенаты бекіткен (әдістемелік ұсынымды ұсыну)	5/n
11	Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік (есепті кезеңде 2-ден (ЕКІ) артық емес) (куәліктің көшірмесін ұсыну)	5/n
12	Ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін енгізу актісі (есепті кезеңде 2-ден (ЕКІ) артық емес)	
12.1	Басқа ұйымдарға енгізуге алынған (акт көшірмесін ұсыну)	7/n
12.2	«ҚМУ» КеАҚ-ға енгізуге алынған (акт көшірмесін ұсыну)	3/n

Ескерту:

n-авторлар саны, демек, осы критерий бойынша ұпайлар саны авторлар санына бөлінеді.